

«Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» тарихи дерекнама ретінде

Ж.М. Төлебаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: tulibaeva@mail.ru

Түйін. Қазақтың ортағасырлық тарихын зерттеуде көптеген және әр түрлі фактілер мен мәліметтерді, ең алдымен, бізге қолжазба көшірмелері арқылы жеткен деректерді қолдануымыз қажет. Қазақ тарихына қатысты мұсылман жазба деректердің ішінде парсы тілінде жазылған көздер ерекше орында.

Мұсылман деректерінде Алтын Орда хандарының шежірелері келтірілген мәліметтер көптеп кездеседі. Сондай деректерге «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини», «Му'изз ал-ансаб», «Таварих-и гузида-ий нусрат-нама», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» және т.б. жатады. Біздің уақытымызға дейін жеткен жазба ескерткіштерінің көпшілігінің көмегімен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады.

Бірақ ортағасырлық тарихнаманың мәліметтерін сол кезеңнің оқиғаларына қатысты қолданған мезетте әулеттер шежіресінің және саяси тарихының жазылуы барысында автор мен тапсырыс берушілер тарапынан болған жалған деректер көп болатындықтан өте сақтықпен қолданған дұрыс. Мысалы, Му'ин ад-Дин Натанзидің «Ескендірдің анонимі» ретінде белгілі «Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» («Муинидің тандамалы туындылары») атты туындысы өз уақытында Орыс хан тегіне қатысты қызу пікірталастар тудырған болатын.

Қазақстан тарихындағы шатысқан және де қызықты сұрақтардың бірі Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бабасы – Орыс ханның тегін зерттеп, зерделеу мәселесі. Қазақстандық тарихнамада Алтын Орданың жиырмасыншы билеушісі Орыс ханның тегі туралы екі көзқарас қалыптасқан. Тарихшылардың бір тобы оның тегін Жошының он үшінші ұлы Тоқай Темірге апарып тіресе, екінші бір тобы оны Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің ұрпағы етіп таратады. Кеңес дәуіріндегі ғылыми әдебиеттерде Орыс ханның шығу тегі жөнінде тағы бір көзқарас болған, бірақ ол сол жылдарғы қалыптасқан жағдайларға байланысты ешқандай сынға жауап бере алмайды.

Сөз болып отырған мәселе төңірегіндегі пікірталас жазбаша деректер мазмұнындағы қайшы мәліметтерге байланысты пайда болған. Бірақ бұл сұрақ оңай шешілер мәселе емес. Мәселенің айқындалуы сол уақыттағы Дешті Қыпшақ тарихындағы Қазақ хандығының құрылуына алып келген саяси және этникалық үрдістердің мәнін ұғуға көмектесері сөзсіз.

Орыс ханның шығу тегі тұрғысындағы дау-дамай ғылыми орталарда көптен бері жалғасып келеді. Белгілі қазақстандық ғалым В.П. Юдин көп жыл бұрын аталмыш мәселені Тоқай Темір тегіне қатысты етіп шешкенімен, соңғы уақытта Орыс ханды Орда Ежен ұрпағы етіп көрсеткен еңбектер пайда болды. Сондай еңбектердің бірінің авторы Т.И. Сұлтанов Орыс ханның ұлысы Орда Ежен жерінің аумағында орналасқандығын қозғап, ханның Орда Ежен ұрпағы екендігін дәлелдеуге қадам жасаған болатын.

Оның «Ақ киізге көтерілгендер. Шыңғыс хан ұрпақтары» атты еңбегінде сөз болып отырған нұсқаға қатысты тың дәлелдемелер келтіріледі. Т.И. Сұлтанов қандай негізге сүйене отырып мұндай шешімге келіп отыр? Автор: «...Орыс хан және оның ата-тегі, ұрпақтары дәл осы аумақтарда билік еткен. Дәп осы Сырдария жағаларынан XIV ғ. олар Төменгі Волга бойына жорықтар жасап, өзінің саяси қарсыластарын талқандады, Алтын Орданың астанасы Сарайға уақытша иелік етіп артынан Сыр бойы иеліктеріне оралып отырды» [1].

Бір қарағанда салмақты дәлел сықылды. Бірақ В.П. Юдин айтқандай: «Дешті Қыпшақ аумағындағы уақыт пен кеңістікке қатысты Жошы ұрпақтары ұлыстарындағы мүмкін

боларлық тарихи өзгерістердің динамикасын зерттемей XIII–XV және XVI–XVII ғ. Қазақстан тарихы мен Дешті Қыпшақтың тұтас тарихын зерттеуге қатысты оң өзгерістерді күту қиын. Жоғарыда айтылған зерттеу әдісін пайдаланбай қазіргі авторлардың ойы ғана олардың шешім шығаруға себеп болады» [2].

Шынында да, Орыс хан ұлысы Орда Ежен иелігі орналасқан жерде болды ма? Мәселені шешуге кіріссек. Ортағасырлық мұсылман авторларының, атап айтар болсақ, белгілі араб тарихшысы Ибн Халдунның мәліметтері Орыс ханның ұлысы Орда Еженнің иелігі болған аумақта орналасқандығына күмән туғызады.

Ибн Халдунның «Китаб ал-‘ибар ва диван ал-мубтада’ ва-л-хабар фи аййам ал-‘араб ва-л-‘аджам ва-л-барбар» атты шығармасының Алтын Ордаға арналған бөлімінде «...Тоқтамыс ол жерден қашып, Хорезмнің таулы ауданына Орыс хан патшалығына аттанды» немесе «Тоқтамыс одан әрі аттанып, Хорезм тауларындағы Орыс хан иелігін иемденіп, Сарайға аттанды» [3] делінген мәліметтерді оқи аламыз.

Ал Хорезм таулары қайда орналасқан еді? В.В. Бартольд өзінің «Ежелгі уақыттан XVII ғ. дейінгі Арал теңізі мен Әмударияның төменгі ағысы» атты еңбегінде XI ғасырдағы парсы тарихшысы Гардизидің сөзін келтіреді [4]. Ол бойынша Хорезм таулары Гургандждан (Үргеніштен) Хорезм теңізіне (Арал теңізі) апарар жол бойында орналасқандығы айтылады. Аталмыш еңбекте испан-араб тектес ғалым-географ Ал-Бекридің (1094 ж. дүние салған) де еңбегі еске алынады. «Мемлекеттер мен жолдар туралы кітап» атты оның еңбегінде Хорезм тауларының печенегтер еліне барар жолда Джурджани қаласынан 12 фарсах қашықтықта орналасқандығы айтылады. Осылайша, келтірілген мәліметтерді сараптай отыра Хорезм таулары ретінде араб географтарының Үстірттің шеті арқылы өтетін Сийах-кух (Қара таулар) атты бір-біріне жалғасқан тау жүйесін атағандығына көз жеткіземіз.

1376 жылдың ерте көктемінде Сығанаққа жақын жердегі «қысқы текетірестен» кейін Әмір Темір Орыс ханның кері өз еліне аттанғандығы жайында ақпар алады. Әмір Темір ат басын Кеш бағытында бұрып, онда жеті күндей тыныққаннан кейін Орыс хан ұлысына тосыннан жойқын шабуыл жасауға шешім қабылдайды. Жорық барысында өзіне жол көрсетуші ретінде жанына

Тоқтамысты алады. Араға 15 күн сала (Йазди бойынша, Натанзи бойынша 13 күн) Жейран-Камышқа жеткен Әмір Темір әскері «Ұланғайыр, сансыз мүлікті» [5] иемденіп, Орыс хан ұлысын тонайды. Ойша сараптай келе Жейран-Камыштың сол кезеңдегі Әмударияның сол жақ атырабы құятын тұщы сулы Сарықамыс көлі екендігін аңғаруға болады. Утемиш хаджидің «Шыңғыс намасын» негізге алар болсақ, Орыс ханның сол уақытта Еділ (Волга) мен Жайық арасында орналасқан жайлауына кеткенін оқи аламыз.

Сол сәтті ұтымды пайдаланбақ болған Тоқтамыс Алтын Орданың астанасын басып алуға шешім қабылдайды. Осы мақсатпен Тоқтамыс Орыс хан ұлысындағы ірі төрт тайпа басшыларымен алдын ала келісе отыра, жайлауға жасырын еніп Еділ бағытында көше бастады. Тоқтамыс ханның қимылын аңғарған Орыс хан оның соңынан түседі. Түнгі қақтығыстардың бірінде кездейсоқ атылған оқтан Орыс хан қаза табады. Ал Тоқтамыс болса «Орыс ханның өлімі жайлы білместен» Сарай ал-Джадидке аттанып, астананы басып алады.

Сол уақытта Еділден оңтүстіктегі аумақтардың толыққанды билеушісі Мамай болатын. Екі оттың арасында қалған Тоқтамыс өзінің ұзақ уақыт астанада қала алмайтындығын түсінді. Өз атынан теңге соғуға қадам жасағанымен, өзінің негізгі жауларын жеңгенімен де оның Алтын Орданың жалпылай мойындалған ханы бола алмайтындығы түсінікті еді. Осындай ойларға берілген Тоқтамыс Еділден өтіп, Шайбанид Каанбайға жол тартады. Ал ол болса Тоқтамыспен тікелей кездесуден бас тартып Тан (Дон) алабынан оған орын бөледі [6]. Тоқтамыс өз инақтары арқылы Каанбайға Мамайға бірлесе қарсы шығуды ұсынады. Ол басында келіскенімен артынан өз шешімін өзгертіп, бірлескен жорықтан бас тартты. Каанбайдан қолдау таппаған, одан әрі Еділ бойында қалудың қауіпті екендігін түсінген Тоқтамыс Сауранға оралды.

Орыс ханның өлімінен кейін билік недәуір уақытқа оның ұлы Тохтақияның қолына көшеді. Бірақ ол да үш айлық билік мерзімінен кейін дүние салған ды. Одан кейін Жошы Ұлысының билеушісі міндетін Орыс ханның өзге ұлы Темір Мәлік атқарды. Тоқтамысты өзінің басты жауы санаған Темір Мәлік Сауранға әскер жібереді. Кезекті рет жеңіліске ұшыраған Тоқтамыс Самарқандқа Әмір Темірге бас сауғалап көшуге мәжбүр болады.

Әмір Темір Тоқтамас оғланның ахуалы мен қажеттіліктеріне «патшалық мейірімділікпен көңіл бөліп, 778 жылы жылан жылында оған патшаның сауыт-сайманын даярлап, онымен бірге Туман Темір өзбекті, оның ұлы Бахты ходжаны, Урунг Темір, Гияс ад-Дин тарханды және Янги каучинді Сығанаққа жіберіп, Тоқтамысты хан көтерулерін бұйырды. Әмірлер бұйрықты сол жылы орындауға жанталасып, хан тағына отырғызу рәсімін және өзге де қажетті салттар мен жоралғыларды орындады» [7].

Темір Мәлік Тоқтамысты жеңгеннен кейін «бірқатар уақыт көп күш сала мемлекетті қалыпты жағдайға келтірді», бірақ артынан «торуылда жау жоқ ретінде сезініп, көңіл көтерумен айналысты». Сол мезетте Әмір Темірге Темір Мәлік «күндіз түні ішкілік пен көңіл көтеруге салынууда, артынан түс мезгіліне дейін ұйқыда жатады және іс қаншалықты маңызды болмасын ол тірліктен тыс қалады, оны ешкім ұйқысынан оятпайды. Соған байланысты адамдардың оған деген сенімі қалмады және Жошының Ұлысы тұтасымен Тоқтамыстың келуіне үміт артуда» [8] делінген ақпар жетті.

Әмір Темір Тоқтамыстың «жұлдызды сағатының» келгендігін түсініп, сол уақытта Қараталды қыстап жатқан Темір Мәлікке қарсы жорық жасау туралы жарлық берді. «Алтын Орда тарихына қатысты деректер жинағының» екінші томын құрастырушылардың бірі С.Л. Волин сөз болып отырған қыстауды Балқашқа құятын Қаратал өзені емес екендігін көрсетіп, аталған мекен «Сырдария маңындағы жер болса керек» деген өз болжамын айтқан-ды.

Шынында да, Сыр бойында Түркістан қаласы маңында Қаратал атты шатқал бар еді. Бірақ Темір Мәліктің сөз болып отырған орынға келгендігіне сене қою қиын, себебі ондай жағдайда ол Әмір Темір мен Тоқтамыстың арасында қалып, өзін балға мен төс арасында қалғандай сезінген болар еді. Оған қоса қыстау етуге Түркістан мен Алтын Орданың астанасы арасы өте шалғай орналасқан-ды. Есесіне жазбаша деректер арқылы Қаратал атты жердің Әмудария бойында орналасқандығына көз жеткіземіз [9]. Нақ сол жерде Темір Мәлік қыстауы орналасқан болатын.

Арада жарты ғасырдай өткенде 829/ 1425-26 ж. Орыс ханның немересі Барақ оғлан өз әскерімен Сығанақтан өте шабуылдар жасайды. Сыр бойы мен Сығанақ Әмір Темірдің

Тоқтамысты жеңуімен Темір әулеті мемлекетінің құрамына кірген болатын. Хафиз-и Аbru бұл оқиғаларды алдыңғы тарихты еске түсіре: «Сахибкиран кезеңінде-Уа Аллах оның зиратын нұрландырсын! – оның (Барақ) атын Орыс хан Тоқтамысты өз мемлекетінен (Өзбек мемлекетінен) қуғанда, Тоқтамыс Ұлы Сахибкираннан баспана тапқанда, ол (Орыс хан) Сығанақта недәуір уақыт өткізіп, онда ғимарат салды» деп жазды. Барақ оғлан өз қимылдарын ақтай отыра «Орыс хан онда ғимарат салып болғандықтан Сығанақ жайылымдары маған тиесілі» [10] деп атап көрсетеді. Егер, шынында да, сол кездері Сығанақ Орыс ханның мұралық иеліктеріне кірген болса Барақ оғлан бұл жөнінде иелік ету құқығын алу үшін өзге салмақтырақ деректер келтірген болар еді.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып Орыс хан және оның ата-тегі мен ұрпақтарының ұлысы Әмудария атырабында орналасты деп түйіндеуге болады. Егер де қазір Арал маңы экологиялық апат аймағы болып табылса, ол уақытта Орталық Еуразиядағы қолайлы жерлердің бірі болған. Мол сулы Арал бұл аймақты солтүстіктің суық желдерінен сенімді түрде қорғаған. Өзендеріне балық сыймаса, өзен бойы қамыстары мен тоғайлары аң мен құсқа толы болған. Сондықтан өз билігін Алтын Орда астанасында орнатып, өзіне Дешті Қыпшақты тұтасымен бағындырғаннан кейін де Орыс хан және оның ұлдары қыстауына өз мекендеріне оралып отырған.

Осы мекеннен Әмудария атырабы, Маңғышлақ, Каспий маңы ойпатын, Солтүстік Кавказдан Қырымға дейінгі аумақтарды Алтын Ордадағы ең бір қуатты әулет Тоқай Темірлердің иеліктері алып жатты.

Натанзидің өз замандастары арасында үлкен беделге ие болғандығын ескере отыра, оның Алтын Орда билеушілерінің шежіресі туралы жалған ақпар бергендігін аңғару қиын. Давлатшах Самарканидің сөзіне сәйкес «Му'ин ад-Дин Натанзи Ескендір сұлтанның уақытында Аджам мен Фарста аты шыққан оқымыстылар мен ақындардың бірі болған..., ал ғылымда өз заманының белгілі адамдарының бірі болып, Мырза Сұлтанның қызметі мен ахуалы, тарихы жайлы жазған» [11]. Мұндай жасандылықтардың себептерін Алтын Орда мен Темір әулеті мемлекеттерінде билік үшін оған үміткерлер арасында болған өткір күрестерден

іздеу керек. Билікке жету мақсатында олар жоғарғы билікке қатысты өзін заңдастыру және өз қарсыластарына қарсылық жауап беру үшін түрлі әдіс-айлалар жасап отырған.

Әдебиеттер

1. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана. – Алматы, 2001. – С. 144.
2. Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата, 1983. – С. 131.
3. История Казахстана в арабских источниках. Т. I. – Алматы, 2005. – С. 276-277.
4. Бартольд В.В. Сведения об Аральском море и низовьях Аму-Дарьи с древнейших времен до XVII века. – М., 2002. – С. 45.
5. История Казахстана в персидских источниках. Т. IV. – Алматы, 2006. – С. 212.
6. Чингиз-наме. – Алма-Ата, 1992. – С. 117.
7. Шараф ад-Дин ‘Али Йазди. Зафар-наме. – Ташкент, 1972. – Л. 160а.
8. История Казахстана в персидских источниках. Т. IV. – Алматы, 2006. – С. 269.
9. Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. – С. 461-464.
10. Zubdat al-Tawarikh by Hafiz Abru (d. 833 A.H./1429 A.D.). Vol. 2. – Tehran, 1992. – P. 906-907.
11. Миклухо-Маклай Н.Д. Описание таджикских и персидских рукописей Института Востоковедения. Вып. 3. – М., 1975. – С. 77.

Ж.М. Тулибаева

«Мунтахаб ат-таварих-и Му'ини» как исторический источник

Для изучения средневековой истории казахов необходимо привлечение многочисленных, часто противоречивых и разноплановых сообщений, фактов и данных, которые мы получаем из различных источников, и в первую очередь – письменных источников прошлого, дошедших до нас в виде рукописных копий. Среди мусульманских письменных памятников, имеющих отношение к истории казахов, особое место занимают источники, написанные на персидском языке.

Zh.M. Tulibaeva

“Muntahab at-tavarikh-i Mu'eeni” as a historical source

Creative investigation of the rich written legacy of the past centuries has an important role in studying the history of the Kazakhs. Manuscripts in the Persian language have occupied a special place among other written sources related to Kazakh history. The purpose of this study is the identification and the systematic study of Persian manuscripts that contain important information regarding different aspects of history of Kazakhs. Included is a critical selection of the materials, their evaluation and their introduction into scientific literature.